**«Павлодар  облысының әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «Қаныш Сәтбаев атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы»коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзін-өзі бағалауының қорытынды**

# А Н Ы Қ Т А М А С Ы

Ақсу қаласы                                                                                         28.02.2025 жыл

**Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары.**

| | | |
|---|---|---|
| 1 | **Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы:** | **Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен –жайы және нақты орналасқан мекен-жайы):**<br>«Павлодар  облысының әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «Қаныш Сәтбаев атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы»коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Ақсу қаласы ,Әуезов көшесі 58<br>**«Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, webсайты)**<br>Мектептің электронды поштасы: gimnaziya-aksu-metodkab @mail.ru<br>Мектептің сайты: https://aksu-gymnasium.edu.kz/<br>Мектептің инстаграмм парақшасы: aksu_satbaev_gymnasium<br>Байланыс телефоны: 878149007<br>Жеке электронды почтасы: Asker 81_81 @mail.ru<br>**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы)**<br>Дюсембаев Аскербек Култаевич, лауазымға тағайындау туралы Павлодароблысының  білім беру басқармасының 11.06.2020 жыл №2-05/22 бұйрығы, (бұйрық көшірмесі қосымша жалғанды)<br>**Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар.**<br>Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Павлодар облысының Әділет департаменті Ақсу қаласының ауданаралық Әділет басқармасының «Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы.<br>**БСН 990340007498**<br>**Берілген күні:** 07.10.2022 ж.<br>**Құрылтайшылар**: «Павлодар облысы әкімінің аппараты» ММ **Мектеп жарғысы:** «Павлодар  облысының әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «Қаныш Сәтбаев атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Павлодар облысы  каржы басқармасының 2022 жылғы 21 қыркүйектегі №659 бұйрығымен бекітілген.<br><br>**Рұқсат беру құжаттары:**<br>**1.«Білім беру қызметі» лицензиясы,** №KZ11LAA00032789, 16.11.2022 жыл, қосымшасымен бірге «Павлодар  облысының әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «Қаныш Сәтбаев атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы»коммуналдық мемлекеттік мекемесіне берілген.<br>**Лицензиар:** «Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрлігі Білім  саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі. |

**2** **Кадрлық құрамға талдау.**

Мектеп әкімшілігі жұмысының негізгі бағыттарының бірі кадрлар құрамын нығайту жөніндегі қызмет болып табылады. ҚР «Білім туралы» Заңына және мектеп Жарғысына сәйкес педагогикалық ұжымды білім беру ұйымының басшысы қалыптастырады, қызметкерлерді қабылдау еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. Еңбек кодексіне сәйкес жұмысқа қабылданған барлық мұғалімдермен еңбек шарттары жасалды. Кадрларды іріктеуді және орналастыруды орта жалпы білім беру ұйымы қызметкерлерінің үлгі штатына сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Мектептің педагогикалық кадрларының сандық құрамы қажеттілікке байланысты анықталады.

| Оқу жылдары | Мұғалімдер саны | Жоғары білімді | Арнаулы орта білімді | Магистранттар саны |
|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 43 | 42 | 1 | 9 |
| 2023-2024 | 43 | 42 | 1 | 10 |
| 2024-2025 | 40 | 40 | 0 | 12 |

**Мұғалімдердің жас құрамы**

| Оқу жылы | Мұғалімдер саны | 30 жылға дейін | 30 жастан 50 жасқа дейін | 50 жылдан астам | Пед. ұжымның орташа жасы |
|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 43 | 8 | 26 | 9 | 34 |
| 2023-2024 | 43 | 10 | 22 | 11 | 32 |
| 2024-2025 | 40 | 13 | 17 | 10 | 30 |

Соңғы екі жылда 30 жасқа дейінгі мұғалімдер санының өсуі байқалды, бұл жас мұғалімдердің есебінен ұжымның жаңаруына байланысты. Гимназияда жас мамандармен жұмыс дұрыс жолға қойылған, мектепішілік бұйрық негізінде жас мамандарға тәлімгерлер бекітілді.

Жас мамандар жөнінде мәлімет 2022-2023 оқу жылы

| № | *ТАӘ толық* | *Білімі* | *Мамандығы* | *Пән* | *ТАӘ Тәлімгері* |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Конакбаев Ермек Маратович | ПМПИ | Екі шет тілі | Ағылшын тіл | Нургалиева С.Е. педагог-шебер |
| 2 | Письмиленова Аида Жанарбековна | ПМПУ | Екі шет тілі | Ағылшын тілі | Сыздыкова М.К. педагог-зерттеуші |
| 3 | Мұтан Мұратбек | ПМПУ | Тарих | Тарих. | Устаева А.С педагог-зерттеуші |
| 4 | Даян Жардембек | Әл. Фараби атындағы Қаз. ҰУ | Математика | Математика | Муканова Б.К. педагог-зерттеуші |

**Жас мамандар жөнінде мәлімет 2023-2024 оқу жылы**

| № | *ТАӘ толық* | *Білімі* | *Мамандығы* | *Пән* | *ТАӘ Тәлімгері* |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Даян Жардембек | Әл. Фараби атын. Қаз. ҰУ | Математика | Математика | Муканова Б.К педагог-зерттеуші |
| 2 | Жанай Акмарал Цэрэгқызы | Павлодар педагогикалық университеті | География - тарих | География, тарих | Идрисов И.Н. педагог-зерттеуші |
| 3 | Ерғали Бақберді | Гумилев атындағы Евразиялық Ұлт. Универ. | Информатика | Математика, информати ка | Жумагельдинова Ш.М. педагог-зерттеуші |

**Жас мамандар жөнінде мәлімет 2024-2025 оқу жылы**

| № | *ТАӘ толық* | *Білімі* | *Мамандығы* | *Пән* | *ТАӘ Тәлімгері* |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Мұқыш Жанболат Ерсінұлы | Ә. Марғұлан атындағы Павлодар ПУ | Физика-математика | Физика | Атик Бибигуль Васильевна, педагог-сарапшы |
| 2 | Бирликқызы Айдана | Гумилев атындағы Евразиялық Ұлт. Университеті | Математика | Математика | Жумагельдинова Шынар Майданбековна, педагог-сарапшы |
| 3 | Пернебай Фариза | С. Торайғыров атындағы Университет | Биология | Биология | Купяшарова Алия Адилбаевна педагог-зерттеуші |
| 4 | Даян Жардембек | Әл. Фараби атындағы Қаз. ҰУ, 2022 | Математика | Математика | Муканова Бакытгуль Кадыровна, педагог-зерттеуші |
| 5 | Жанай Акмарал Цэрэгқызы | Павлодар педагогикалық университеті | География - тарих | География, тарих | Идрисова Инкар Нышановна педагог-зерттеуші |
| 6 | Ерғали Бақберді | Гумилев атындағы Евразиялық Ұлт. Университеті | Информатика | Математика, информатика | Абылгазина Эльмира Турагуловна, педагог-зерттеуші |

«Білім беруді дамытудың жаңа векторы: стратегиялар мен перспективалар» тақырыбындағы республикалық ғылыми практикалық конференцияда гимназия директоры Дюсембаев А.К. «Кадрлық әлеулетті ұтымды пайдалану» барысында гимназияның жас мамандармен жұмыс тәжірибесімен бөлісті.

Гимназияның басшысы, басшысының орынбасарлары туралы мәлімет

| № | Аты- жөні | Лауазымы | Еңбек өтілі | Лауазымы бойынша еңбек өтілі | Лауазымға тағайындау бұйрығы | Біліктілік санаты, берілген жылы | Курстан өтуі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Дюсембаев Аскербек Култаевич | Директор | 17 | 4,6 | 11.06.2020 № 2-05/22 | Бірінші санаттағы басшы 2025 | ПШО "Білім берудегі менеджмент 2025 ж |
| 2 | Аккентаева Кырмызы Мухаметкалиевна | Директордың оқу-әдістемелік орынбасары | 41 | 20 | 01.09.2004 №154 А | Бірінші санатты басшының орынбасары 2022 | ПШО "Білім берудегі менеджмент" 2024 ж |
| 3 | Джамалбаева Сайран Сагатовна | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары | 40 | 24 | 01.09.2000 №98 | Бірінші санатты басшының орынбасары 2021 | Өрлеу "Білім берудегі менеджмент" 2024 ж |
| 4 | Бакирбекова Гульбану Абусызды ковна | Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары | 31 | 16 | 17.10 2008 № 89 | Екінші санатты басшының орынбасары 2021 | АУДҰИ ББҰ жағымды тәрбие ортасын қамтамасыз ету. 2023 ж |
| 5 | Мұтан Мұратбек | Директордың дарынды балалармен жұмыс жөніндегі орынбасары | 4 | 5 ай | 14.10.2024 № 1-14/164 | жоқ | ПШО "Білім берудегі менеджмент" 2025 ж |

Білім беру ұйымының басшысының біліктілік санаты үш жылға, басшы орынбасарларының біліктілік санаты бес жылға жарамды. (ҚР Оқу –ағарту министрі 2024ж 2 сәуірдегі №72 бұйрығы)

Мұғалімнің кәсіптік деңгейін көтеру барысында әр жылы жоспар бойынша мұғалімдер білімдерін жетілдіру үшін арнайы біліктілікті арттыру курстарға жіберіліп отырылды. 2020-2025 жылдарға арналған перспективалық жоспар жасалған. Оның мақсаты жаңа педагогикалық білімдер мен технологияларды қолданумен қатар оларды әзірлеуге , жүргізіліп жатқан заманауи үрдістер мәнмәтінінде өзіндік кәсіптік қызметіне рефлексивтік өзгерістер енгізуге қабілетті педагогтің кәсіби біліктілігін дамыту болып табылады. Осы негізд еұстаздар жыл бойына болып жаткан курстарға уақытылы жіберіліп отырады.

Курстан өткен ұстаздар туралы мәлімет

| 2022-2023ж жұмыс істеген мұғалімдер саны | 2019-2023 жылдар аралығында курстан өткен ұстаздар | 2022-2023 оқу жылы курстан өткендер | Жас мамандар | Курстан өткен мұғалімдер үлесі. |
|---|---|---|---|---|
| 43 | 37 | 24 | 3 | 93% |
| 2023-2024ж жұмыс істеген мұғалімдер саны | 2020-2024 жылдар аралығында курстан өткен ұстаздар | 2023-2024 оқу жылы курстан өткендер | Жас мамандар | Курстан өткен мұғалімдер үлесі. |
| 43 | 38 | 8 | 3 | 95% |
| 2024-2025ж жұмыс істеген мұғалімдер саны | 2022-2025 жылдар аралығында курстан өткен ұстаздар | 2024-2025 оқу жылы курстан өткендер | Жас мамандар | Курстан өткен мұғалімдер үлесі. |
| 40 | 34 | 11 | 3 | 92% |

Қорытынды: Қайта дайындық курстарынан соңғы үш жылда 43 ұстаз жоспар бойынша толық өтті. Бұл жалпы алғанда 100%.

Мектепте 5 жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру ҚР Білім және ғылым министрінің «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» 27.01.2016 ж. №83 , ҚР Оқу –ағарту министрі 2024ж 2 сәуірдегі №72 бұйрықтарымен бекітілген, педагог мамандарды аттестатау ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

**Біліктілік санаты бар ұстаздар жөнінде мәлімет.**

| **Оқу жылы** | **Педагогтар саны** | **Педагог** | **Педагог модератор** | **Педагог-сарапшы** | **Педагог зерттеуші** | **Педагог-шебер** | **Бірінші санатты басшының орынбасары** | **Жоғары біліктілік** | **Бірінші біліктілік** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 43 | 8 | 6 | 4 | 17 | 4 | 1 | 1 | 2 |
| 2023-2024 | 43 | 8 | 8 | 6 | 17 | 3 | 1 | 0 | 0 |
| 2024-2025 | 40 | 9 | 6 | 6 | 15 | 3 | 1 | 0 | 0 |

**2022-2023 оқу жылындағы** 43 мұғалімнің жалпы санынан педагог-шеберлердің, педагог-сарапшылардың, педагог- зерттеушілердің, жоғары, бірінші санатты педагогтерінің үлесі - 67 %

**2023-2024 оқу жылындағы** 43 мұғалімнің жалпы санынан педагог- шебер, педагог-сарапшы, педагог- зерттеуші педагогтерінің үлесі - 63 %

**2024-2025 оқу жылындағы** 40 мұғалімнің жалпы санынан педагог-шебер, педагог-сарапшы, педагог- зерттеуші педагогтерінің үлесі- 67 %

**Оқу жоспарындағы пәндер бойынша бастауыш , негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі педагог – сарапшылардың, педагог – зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі.**

| *Бастауыш* | **Педагогтар саны** | **Педагог-сарапшы** | **Педагог-зерттеуші** | **Педагог-шебер** | **Жоғары біліктілік** | **Бірінші біліктілік** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 3 | 0 | 3 | 0 | 0 | 0 |
| 2023-2024 | 1 | 0 | 1 | 0 | 0 | 0 |
| 2024-2025 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| *Негізгі орта* | **Педагогтар саны** | **Педагог-сарапшы** | **Педагог-зерттеуші** | **Педагог-шебер** | **Жоғары біліктілік** | **Бірінші біліктілік** |
| 2022-2023 | 38 | 4 | 15 | 4 | 1 | 2 |
| 2023-2024 | 37 | 4 | 14 | 4 | 0 | 0 |
| 2024-2025 | 34 | 5 | 14 | 4 | 0 | 0 |
| *Жалпы орта* | **Педагогтар саны** | **Педагог-сарапшы** | **Педагог-зерттеуші** | **Педагог-шебер** | **Жоғары біліктілік** | **Бірінші біліктілік** |
| 2022-2023 | 20 | 2 | 11 | 2 | 0 | 0 |
| 2023-2024 | 24 | 4 | 12 | 2 | 0 | 0 |
| 2024-2025 | 24 | 6 | 9 | 3 | 0 | 0 |

**2022-2023 оқу жылындағы** 3 бастауыш мұғалімнің жалпы санынан педагог-зерттеушілердің үлесі - 100%
**2023-2024 оқу жылындағы** 1 мұғалімнің мұғалімнің жалпы санынан педагог-зерттеушілердің үлесі - 100%
**2024-2025 оқу жылындағы** бастауыш сынып жоқ

**2022-2023 оқу жылындағы** 38 **негізгі орта білім** беру деңгейіндегі мұғалімнің жалпы санынан педагог-шеберлердің, педагог- зерттеушілердің, педагог-сарапшылардың, жоғары, бірінші санатты педагогтерінің үлесі - 68 %
**2023-2024 оқу жылындағы** 37 **негізгі орта білім** беру деңгейіндегі мұғалімнің жалпы санынан педагог-шеберлердің, педагог- зерттеушілердің, педагог-сарапшылардың үлесі - 70 %
**2024-2025 оқу жылындағы** 38 **негізгі орта білім** беру деңгейіндегі мұғалімнің жалпы санынан педагог-шеберлердің, педагог- зерттеушілердің, педагог-сарапшылардың - 68 %

**2022-2023 оқу жылындағы** 30 **жалпы орта білім** беру деңгейіндегі мұғалімнің жалпы санынан педагог-шеберлердің, педагог- зерттеушілердің, педагог-сарапшылардың - 75%
**2023-2024 оқу жылындағы** 24 **жалпы орта білім** беру деңгейіндегі мұғалімнің жалпы санынан педагог-шеберлердің, педагог- зерттеушілердің, педагог-сарапшылардың үлесі - 75 %
**2024-2025 оқу жылындағы** 38 **жалпы орта білім** беру мұғалімнің жалпы санынан педагог-шеберлердің, педагог- зерттеушілердің, педагог-сарапшылардың - 75 %
**Қорытынды** Берілген кестелерде көрсетілгендей гимназияның аттестаттау комиссиясының жүйелі жұмыс істеу нәтижесінде, ұстаздарымыз жоспарланған мерзімде және алдын ала (жетістік,нәтиже барысында) өз санаттарын көтеруде. Осы оқу жылы 7 ұстаз аттестаттаудан өтіп жатыр 1 ұстаз педагог-шебер , 1 ұстаз педагог –зерттеуші , 1 ұстаз педагог-сарапшы, 4 ұстаз педагог-модератор санаттарына. Санаты жоқ ұстаздардың санының артуы ұжымға жас мамандардың келуімен байланысты.

**3** **Білім алушылардың контигенті**

2024/2025 оқу жылының басында гимназияда 353__ оқушы оқиды.
5–9 сыныптар – __275_ оқушы;
10–11 сыныптар _78_ оқушы;
_0__ үйде оқитын оқушы;
__0_ ЕБҚ бар оқушы.
2024/2025 оқу жылында сынып жиынтықтарының саны – 16

**Сыныптардың орташа толымдылығы:**
22,3 оқушы бойынша 5–9 сынып;
23 оқушы бойынша 10–11 сынып.

**3 жылдағы оқушылар контингентінің динамикасы**

| **Оқу жылы** | **2022/2023 оқу жылы** | **2023/2024 оқу жылы** | **2024-2025 оқу жылы** |
|---|---|---|---|
| Оқушылар контингенті | 352 | 346 | 353 |

Жыл сайын оқушылар санының өзгеруі, бастауыш сыныптардың бірте- бірте жабылуымен байланысты. 2020-2021 оқу жылынан бастап гимназияға оқушыларды Ақсу аймағы мектептерінен 5 сыныпқа қабылдау жүргізіле бастады.

**3 жыл ішінде білім алушылар контингентінің динамикасы**

| **Оқыту кезеңдері** | **2022/2023 оқу жылы** | | | **2023-2024 оқу жылы** | | | **2024-2025 оқу жылы** | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **саны** | | **орташа толымдылық** | **саны** | | **орташа толымдылық** | **саны** | | **орташа толымдылық** |
| | **оқу-р** | **сынып** | | **оқу-р** | **сынып** | | **оқу-р** | **сынып** | |
| Бастауыш мектеп | 72 | 3 | 22,8 | 24 | 1 | 24 | 0 | 0 | 0 |
| Негізгі мектеп | 230 | 11 | 21,3 | 267 | 12 | 22,3 | 275 | 12 | 23 |
| Орта мектеп | 50 | 2 | 25 | 55 | 3 | 23 | 78 | 4 | 19,5 |
| Мектеп бойынша барлығы | 352 | 16 | 22,1 | 346 | 16 | 22 | 353 | 16 | 22 |

**4** **Оқу жұмысы**

«Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі оқу жоспарын құруда төмендегі құжаттарды негізге алды:

1. ҚР «Білім туралы» Заңы (18 б)
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (2022 жылғы 23қыркүйектегі №406 бұйрығымен толықтырулар мен енгізілген өзгерістермен);
3. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412, 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)

4. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы (2022 жылғы 21 қарашадағы №467, 2023 жылғы 5 шілдедегі №199 бұйрығымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);

5. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы (5-қосымша «Мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары», 2-тарау «Мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметінің тәртібі» 15 пункт).

**2022-2023 оқу жылы** жұмыстық оқу жоспарындағы пәндерден физика пәні ағылшын тілінде оқытылады, терминдік сөздерді меңгеру мақсатында физика пәні бойынша вариативтік компоненттен 7-сыныпқа «Физика негіздері», 8а,8ә-сыныптарда «Физикалық құбылыстар», 9а,9ә-сыныптарда «Механика негіздері» ағылшын тіліндегі терминологиясын оқып-үйренуге 1 сағаттан берілді. Биологиядан 8а-сыныпта «Адам анатомиясы», 9а-сыныпта «Тіршіліктану негіздері», информатикадан 9а,9ә-сыныптарда «АКТ технологиялар» ағылшын тілінде терминологиялық негізде жүргізілуі үшін вариативтік компоненттен 1 сағаттан бөлінді.

Жаһандық құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсатында вариативтік компоненттен 5-сыныптарда «Парасаттылық және этика», 6-сыныптарда «Экологиялық мәдениет», 7-сыныпта «Азаматтық және патриотизм», 8-сыныптарда «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық», 9-сыныптарда «Зайырлылық және дінтану негіздері» курстарының өткізілуіне сағаттар берілді.

Вариативтік компоненттен 5б-сыныпта «Халық ауыз шығармашылығы», 6-сыныптарда «Абай тағылымы», «Шығыс тарихы», 7-сыныпта «Елтану» және 8ә сыныпта «Ертіс өңірінің әдебиеті» курстары, «Математикадан олимпиадалық есептер» курсы жүргізілді.

Элективті курстары есебінен екі сыныпта да «Абайтану», «Алгебрадан күрделі есептер шығару», «Физика практикумы», «Химиялық практикум», «Тарихи таным», «Биологиядан генетикалық есептер шығару» сабақтары жүргізіледі.

**2023-2024 оқу жылы** туған елдің тарихын, табиғатын, мәдениетін оқуға ықпал ететін «Өлкетану» курсының бағдарламасы негізгі орта білім деңгейіндегі жаңартылған білім мазмұны бойынша 5-7 сыныптарда «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті», «География», «Музыка» пәндерімен кіріктіріліп оқытылады. Пәндерден оқушылардың білімін толықтыру мақсатында оқу жоспарының вариатив бөлігінен 7а,7ә,7б,8,9а,9ә сыныптарда «Тұлғатану», 8ә сыныпта «Павлодар өңірінің географиясы», 9ә сыныпта «Эссе жазу жолдары» курстарын оқытуға сағаттар берілді. 10-11-сыныптарда оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 38 сағат. Мамандандырылған компонент есебінен 10а сыныпта биология, химия, 10ә сыныпта физика, алгебра және анализ бастамалары, 11-сыныпта физика, алгебра және анализ бастамалары пәндері тереңдетіліп оқытылады.

Жаһандық құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында 10-11-сыныптарда аптасына 1 сағаттан «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» курсы өткізіледі.

**2024-2025 оқу жылы** жұмыстық оқу жоспарындағы пәндерден физика пәні ағылшын тілінде оқытылады, терминдік сөздерді меңгеру мақсатында физика пәні бойынша вариативтік компоненттен 7ә сыныпта «Физика негіздері», «Химия негіздері», 8-сыныптарда «Физикалық құбылыстар», 9-сыныпта «Механика негіздері» ағылшын тіліндегі терминологиясын оқып-үйренуге 1 сағаттан берілді. Информатикадан 7а, 8а-сыныптарда «АКТ технологиялар»

ағылшын тілінде терминологиялық негізде жүргізілуі үшін вариативтік компоненттен 1 сағаттан бөлінді.

Жаһандық құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсатында вариативтік компоненттен 5-8 сыныптарда 0,5 сағаттан, 9-сыныптарда оқушылардың дін туралы саяси-мәдени білімдерін қалыптастыру мақсатында «Зайырлылық және дінтану негіздері» курстарының өткізілуіне 1 сағаттан берілді.

Білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында 7б, 8ә, 9 сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті тереңдетіп оқытылғандықтан, мамандандырылған бөліктегі вариативті компоненттен қосымша сағаттар бөлінді. Вариативтік компоненттен 5-сыныптарда «Халық ауыз шығармашылығы», 6-сыныптарда «Шығыс тарихы», 7а, 7б сыныптарда «Елтану», «Абайтану» және 8ә сыныпта «Ертіс өңірінің әдебиеті» курстары жүргізіледі.

Элективті курстары есебінен екі сыныпта да «Абайтану», «Алгебрадан күрделі есептер шығару», «Физика практикумы», «Химиялық практикум», «Тарихи таным», «Биологиядан генетикалық есептер шығару» сабақтары жүргізіледі.

**Қорытынды:** Қаныш Сәтбаев атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясының жұмыстық оқу жоспарындағы сыныптардың оқу жүктемесі белгіленген нормадан аспайды.

**5** **Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау.**

Білімді шәкірт бойына дарытатын бірден-бір тұлға ұстаз. Ұстаз еңбегі шәкіртімен бағаланады. Гимназияда оқушыларға сапалы білім беруде барлық мүмкіндіктер жасалған. Оқу жылының қорытындысы бойынша оқыту үдерісінде жеткен жетістіктерге тоқталсақ:

**3 жылдағы оқу сатылары бойынша білім сапасының көрсеткіштері**

| **Оқыту кезеңдері** | **2022/2023 оқу жылы** | | **2023-2024 оқу жылы** | | **2024-2025 II тоқсан** | | **Динамика** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Оқу-р саны** | **Сапа %** | **Оқу-р саны** | **Сапа %** | **Оқу-р саны** | **Сапа %** | **Сапа %** |
| 3-4 сынып | 72 | 96,8 | 24 | 100 | 0 | 0 | +3,2 |
| 5–9 сынып | 230 | 97,3 | 267 | 97,38 | 275 | 95,2 | +0,08 |
| 10–11 сынып | 50 | 100 | 55 | 100 | 80 | 96,2 | Бірқалыпты |

**Қорытынды** Гимназиядағы бастауыш сыныптардың біртіндеп жабылуымен оқушыларының саны төмендесе де, білім сапасы 3,2 пайызға жоғарылады. Орта буында, керісінше, оқушылар саны 37 бірлікке, білім сапасы 0,08 артты. Жоғары сыныптарда оқушы саны 5 бірлікке артып, білім сапасы 100 пайыз бірқалыпты деңгейін сақтады.

**3 жылдағы қорытынды аттестаттауды талдауы**

| **Оқу жылы** | **2021/2022 оқу/ ж** | **2022/2023 оқу/ ж** | **2023/2024 оқу /ж** | **Динамика** |
|---|---|---|---|---|
| Түлектер | 20 | 28 | 22 | -6 |
| Білім сапасы % | 100 | 100 | 100 | бірқалыпты жоғары |
| Үздік аттестат | 3 | 2 | 5 | +3 |
| Алтын белгі | 3 | 4 | 6 | +2 |

**Қорытынды:** Соңғы үш жылда 70 түлек ҰБТ тапсырды. «Алтын белгі» аттестатына 13 оқушы, Үздік аттестатқа 10 оқушы ие болды. 2023-2024 оқу жылында Өмірзақ Айбат ҰБТ ең жоғары 137 ұпайға қол жеткізді. Соңғы үш оқу жылдарының қорытынды аттестаттау нәтижесінің сапасы жеткілікті жоғары деңгейде. Бұл оқу жоспарындағы пәндерді топқа бөліп оқыту, мұғалімдердің оқу технологияларын тиімді пайдалануы, оқушылармен жекеленген жұмыстардың жергізілуі және ЖОО ғалымдарымен байланыс нәтижесін көрсетеді.

**Жалпы білім беру пәндері олимпиадасының мониторингі**

| Оқу жы лы | I кезең мектепішілік | | II кезең облыстық | | | | | III кезең республикалық | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қатыс. оқуш. саны | Жүлдегер са ны | Қатыс. оқуш. са ны | Жүлдегер са ны | Оның ішінде: | | | оқушы сан | Жүлдегер саны | Оның ішінде: | | |
| | | | | | I | II | III | | | I | II | III |
| 2022-2023 | 111 | 51 | 29 | 11 | 2 | 2 | 7 | 2 | 2 | | | 1 ҚГ |
| 2023-2024 | 125 | 65 | 25 | 10 | 1 | 2 | 7 | 2 | 1 | | | 1 |
| 2024-2025 | 132 | 72 | 25 | 16 | 2 | 3 | 9 | 2 | | | | |

Жалпы пәндер олимпиадасының 3 жыл қорытындысын салыстыратын болсақ, республикалық,облыстық деңгейде жүлделі орынға ие болған оқушылар саны артуда. Биылғы оқу жылы да 2 оқушы республикалық олимпиадаға жолдама алды.

**Ғылыми жобалар сайысының мониторингі**

| Оқу жы лы | I кезең мектепішілік | | II кезең облыстық | | | | | III кезең республикалық | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қатыс. жұм. саны | Жүлдегер саны | Қатыс. жұм. саны | Жүлдегер саны | Оның ішінде: | | | Қатыс. оқуш. саны | Жүлдегер саны | Оның ішінде: | | |
| | | | | | I | II | III | | | I | II | III |
| 2022-2023 | 40 | 34 | 18 | 10 | 2 | 2 | 6 | 4 | 4 | | 1 | 2 |
| 2023-2024 | 42 | 30 | 29 | 10 | - | 3 | 7 | - | | | | |
| 2024-2025 | 45 | 31 | 18 | 8 | 2 | 2 | 4 | 4 | | | | |

**Қорытынды:** Оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына бағыттау мақсатында ғылым күні, конференциялар және тағы басқа әртүрлі іс-шаралар өткізіледі. Қазіргі таңда мектеп оқушыларының ғылыми жұмыстар жазу барысында ғалымдармен және басқа оқушылармен бірлесе жұмыс жасауы нәтиже беруде. Ағымдағы оқу жылы 4 оқушы республикалық ғылыми жұмыс сайысына қатысады.

Педагогикалық озат тәжірбиенің тар мағынасы: шығармашылық ізденіс, жаңалығы бар тәжірибе, жаңашылдардың тәжірибесі. Мұндай педагогикалық тәжірибе өте құнды, себебі ол мектеп тәжірибесіне жаңалық енгізеді. Сондықтан, бірінші кезекте осы тәжірибені талдап, баға беріп, тарату керек. Осы бағытта гимназияда соңғы 3жылда 5 облыстық семинар өткізілді.

**6** **Әдістемелік жұмыс**

**Соңғы 3 жылда өткізілген облыстық семинарлар**

| Облыстық семинарлар | Іс – тәжірибесі таратылғын ұстаздар саны | |
|---|---|---|
| 2022-2023 оқу жылы | Облыстық деңгейде | Республикалық деңгейде |
| «Үш тілде білім беру және STEM әдістері» | 12 | 2 |
| 2023-2024 оқу жылы | Облыстық деңгейде | Республикалық деңгейде |
| 1.«Қаныш және әдебиет»<br>2. «Үштілді білім беру – құзіретті тұлғаны қалыптастыру»<br>3. «Спорттық бағдарлау. Асық ату | 17 | 1 |
| 2024-2025 оқу жылы | Облыстық деңгейде | Республикалық деңгейде |
| «Мектептегі пәнаралық STEM білім берудегі математиканың рөлі» | 6 | |

Осы заманғы үздіксіз педагогикалық білім беру стратегиясы мұғалімнің кәсіби тұлғалық дамуы мен өзін-өзі дамытудан құралады.

Осы негізде педагогикалық оқулар, ғылыми –практикалық конференциялар, ғылыми-әдістемелік семинарлар, байқаулардың, пән олимпиадаларының берері көп

**Мұғалімдердің семинар, конференция, байқауларға қатысу деңгейі:**

| **Оқу жылы** | **Облыстық** | **Республикалық** | **Халықаралық** | **Жалпы саны** |
|---|---|---|---|---|
| 2022–2023 | 20 | 2 | 1 | 23 |
| 2023-2024 | 11 | 8 | 6 | 25 |
| 2024-2025 | 6 | 2 | 1 | |

**Қорытынды.** Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыруға, өзіндік дамуына бағытталған іс шараларға қатысу белсенділігі жыл сайын артуда себебі гимназияда мұғалімдердің шығармашылық ізденістері мен тәжірибе тарату жұмыстарына жағдай жасалуда.

**7** **Біртұтас тәрбие бағдарламасы**

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі құндылықтары:

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ

ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Мектептің тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы мазмұны мен идеологемалары ережелеріне сәйкес ұйымдастырылады.Бағдарламада көзделген 6 құндылық түрлі әрекеттер мен шаралар арқылы оқу-тәрбие үдерісіне кіріктіріліп, қажетті құзіреттіліктердің қалыптасуына ықпал етуді көздейді.

| | | |
|---|---|---|
| | | Әрбір құндылық оқу-тәрбие процесінде жүйелі түрде көрінеді. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды:<br>Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;<br>Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы;<br>Қараша – әділдік және жауапкершілік айы;<br>Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;<br>Қаңтар – заң және тәртіп айы;<br>Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы;<br>Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;<br>Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;<br>Мамыр – бірлік пен ынтымақ айы;<br>**Күнделікті:**<br>• «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез- құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.<br>• «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастырып дағдыландыру.<br>• «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау.<br>**Апта сайын**<br>• «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта оқушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.<br>• «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.<br>• «Қауіпсіздік сабағы» – әр сынып сағатының соңында жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, оқушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.<br>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – жұма күндері үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.<br>**Жоспарда ұсынылған әлеуметтік жобалар:**<br>• «Қамқор» – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.<br>• «Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын<br>арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.<br>• «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды<br>дәріптеу.<br>• «Ұшқыр ой алаңы» – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы<br>құндылықтарды дәріптеу.<br>• «Smart bala» – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.<br>• «Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.<br>**Тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы негізгі нормативтік құжаттар:**<br>1.Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы;<br>2.Қазақстан Республикасының Конституциясы;<br>3.ҚР 26.12.2011 ж. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі;<br>4.ҚР «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» 08.08.2002 ж. заңы; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 5.ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» 04.12.2009 ж. № 214-IV заңы;<br>6.ҚР «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы»<br>02.07.2018 ж. № 169-VI заңы;<br>7.ҚР 27.07.2007 ж. «Білім туралы» заңы;<br>8.ҚР «Педагог мәртебесі туралы» 27.12.2019 ж. № 293-VI заңы:<br>9.ҚР Үкіметінің 27.12.2019 ж. № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім<br>беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;<br>10. ҚР БҒМ 12.06.2020 ж. № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған<br>«Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы<br>11. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту Министірінің Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы 30.04.2023 жылғы №194 бұйрығы., 30.07.2024 жылығы №194 бұйрығы.<br>12.»Мүдделі мемлекеттік органдармен 2023-2026 жылдарға арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру жөніндегі бірлескен жоспар.<br>Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы ҚР ОАМ 30.07.2024ж № 194 бұйрығы негізінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» оқу -тәрбие жоспарына кіріктіру мақсатында мектепішілік бұйрық шығарылып, жауаптылар тағайындалды. Шаралар күнделікті, апталық, айлық болып бөлініп іске асырылуды.<br>Күнделікті атқарылатын жұмысқа «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» -үзіліс кезінде ұлттық ойындарды ұйымдастыру дене шынықтыру, АӘД мұғалімдері А.Мухитова, Зупар Жанибек, Хавал Нұртай, М Джамалбаевқа, «Күй күмбірі» - қоңырау уақытында күйдің ойнауы, үлкен үзіліс уақытында күй ойнауын ұйымдастыру аға тәлімгер А.Қ Заркенге, «Үнемді тұтыну» - суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша түсіндіру жұмыстары 5-11 сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдері Мұқыш Ж, Бирликқызы Айдана, Баймұрат Жазира, Ерғали Бақбердіге , «Өнегелі 15минут» ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі 5-11 сынып жетекшілеріне жүктелді.<br>Апта сайын өткізілетін шаралар « Менің Қазақстаным»-оқу аптасының басында ҚР әнұранның директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Г.Бакирбековаға, «Аптаның дәйексөздерін» жариялау аға тәлімгер Заркен А.Қ, сынып жетекшілерге; Қауіпсіздік сабағын өткізу 5-11 сынып жетекшілеріне жүктелді.<br>Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар арқылы құндылықтарды енгізу. Жобалар – бұл білім беру мен қоғамның әртүрлі аспектілерін жақсартуға, білім алушыларды, ата-аналарды, педагогтерді профилактикалық іс-шараларға тарту арқылы жеке құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған білім беру бастамалары.<br>Бағдарламада берілген **«Қамқор»,** әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу , жауапты аға тәлімгер Заркен А.Қ, Кайсина Л.К, сынып жетекшілерге, «Еңбегі адал - жас өрен» білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу, жауапты Н.Т.Шаймарданова, сынып жетекшілерге, инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеуге бағытталған «SMART BALA» жобасына жауапкершілік Ерғали Бақберді, Ж.Ж.Ахметоваға; Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеуге бағытталған «Шабыт» жобасын жүзеге асыру, музыка мұғалімі С.Кабдуллина, АӘД пәні мұғалімі М.С Джамалбаев, сынып |

| | | |
|---|---|---|
| | | жетекшілерге; Тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу «Ұшқыр ой алаңы» жобасы Н.Т.Шаймарданова, Е.М. Конакбаевқа, «Балалар кітапханасы» Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру, сынып жетекшілермен бірлесе әрекет ету арқылы жобаны іске асыруға жауапты Г.И.Женаева,. Сондай-ақ ата-аналармен ынтымақтастықта жұмыстарды ұйымдастыру, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысын тиімді ұйымдастыру,жергілікті қоғамдастықпен бірлесе шаралар ұйымдастыру (жоспарлануы, кездесулер, тақырыптық семинарлар, дөңгелек үстел, әңгіме қатысуы, қауіпсіздік сабақтарына қатысуы ,#біртұтас_тәрбие_pvl) да жобаны жүзеге асырудың басты бағыттары болып табылады.Сондай-ақ әрбір айға белгілі құндылықтар бөлініп, оны сіңіру шаралары жоспарланған.<br>**Мектеп пен отбасы** арасындағы байланысты нығайту үшін ата- ааналарды мектеп өміріне тарту, өнегелі тәрбиені жүзеге асыру мақсатында әжелер кеңесі, аналар кеңесі, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмыс жасайды. Дәстүрлі түрде қыркүйек айының екінші жексенбісінде өтетін Отбасы күніне орай 6 сынып оқушылары «Ата-анама алғыс білдіремін» челленджіне белсене қатысып, алғыстарын білдірді. Сондай-ақ әжелер кеңесінің ұйымдастыруымен «Отбасы құндылығы –сарқылмас қазына» ата-аналармен өнегелі кездесуі, «Ата көрген оқ жонар, ана көрген- тон пішер» шеберлік сабағы өтті. Кездесу барысында өнерлі әжелеріміз отбасылық құндылықтардың маңызы,оларды сақтау, әрі насихаттау қажеттігі туралы әңгіме жүргізіп, мақал жарысын ұйымдастырды. Отбасы күніне орай 5-6 сынып оқушылары «Отбасы бақыт мекені» суреттер байқауына қатысты. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бала бойына құндылықтарды қалыптастыру негізі» атты жалпы мектепішілік жиналысында ата-аналарға бағдарламаның мақсат-міндеттеріғ жүзеге асырылуы, жобалар мен дәстүрлі шаралар туралы ақпарат беріліп, ата-аналармен серіктестік мәселелері талқыланды. Ата-аналармен «Ұрпақты тәрбиелеудегі құндылықтар» тақырыбында кездесу өтті. Сондай-ақ ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының ұйымдастыруымен «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі», «Бала қауіпсіздігі-қоғам келешегі» , «Баланың бас ұстазы-ата-ана», «Көркем мінез-баға жетпес байлық», 7-8 сынып ата-аналарымен «Жасөсіпіріммен қарым-қатынас құпиялары» тақырыптарында кездесулер өтті. Бұл кездесулерде бала тәрбиесінің жас ерекшелікке қарай ерекшеліктері, көркем мінезді қалыптастыру әдістері мен баламен қарым-қатынас құрудың тиісмді жолдары әңгіме болды. Оқушылардың ұлттық өнерге деген қызығушылығын арттыру мақсатында, өнер жолындағы ата-аналардың ұйымдастыруымен «Ұлттық өнер- ұрпаққа аманат» шеберлік сабағы өтті. Сабақ барысында 7-8 сынып қыздары ұлттық әшекейлердің түрлерімен, жасалу жолдарымен таныса отырып, өздеріне сырға, білезік жасап үйренді. Сонымен қатар шеберлік сабақ барысында қыздарымыз ұлттық әшекейлердің шығу тарихымен және жасқа байланысты тағылуы туралы тың ақпараттармен танысты.<br>**«Ұлттық ойын –ұлт қазынасы»** атты үзіліс кезіндегі ұлттық ойындар дүйсенбі-бейсенбі күндері 15 минуттық үзілісте 5-8 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылады. Ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында мектепішілік тоғызқұмалақ челленджі өткізіліп, бір мезетте 50 бала, ал асық ату жарысына 45 оқушы қамтылды.Сондай-ақ тоқсан сайын асық атудан, тоғызқұмалақтан мектепішілік сайыстар ұйымдастырылады. Республикалық деңгейде жүлделі орын алып жүрген оқушыларымыз Каркен Аия мен Авилхан Жасын 5-6 сынып оқушыларына арнап тоғызқұмалақ ойынынан шеберлік сабағын ұйымдастырды.<br>**«Ұшқыр ой алаңы» жобасы** аясында мектепішілік, қалалық бірнеше турнирлер ұйымдастырылды. Атап айтқанда Республика күні қарсаңында қала мектептері арасында пікірсайыс ұйымдастырылып, 4 команда қатысты. Ойын «Бұл палата Қазақстанда өмір сүруге ең қолайлы қаланы таңдайды» және «Бұл |

| | | |
|---|---|---|
| | | палата Қазақстанда қылмысты азайтудың ең тиімді жолы кедейлікті жою деп есептейді» қарары бойынша өтті. Гимназияның «Perfect» және «Болашақ» фракциялары жеңіске жетті.Мектеп оқушылары арасындағы Республикалық пікірсайыс турнирінің облыстық кезеңінде «Қайсар» тобы жүлделі 3 орынды иеленді. Сондай-ақ мектебіміздің пікірсайысшылары «GAIYP CAP» облыстық турнирінде «Көрермендер көзайымы» номинациясына ие болды. Тілдер апталығында ағылшынша топ 8-9 сыныптар арасында мектепішілік ойын өткізді. Сондай-ақ «Мақал-сөздің мәйегі», «Аяз би» ертегісі бойынша квест ойыны, 7 сыныптар арасында «Алтын сақа», «Сөзмерген» танымдық ойыны, МИФ апталығы жоспарына сай «Не? Қашан? Қайда?» зияткерлік ойыны, отбасымен ынтымақтастықты арттыру мақсатында ата-аналармен «Ақылдылар алаңы: ата-ана мен бала» сайысы өтті. Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен қоңырау кезіндегі танымдық ойындар өтті. Заң мен тәртіп айлығы жоспарына сәйкес жас дебатшылар « Бұл палата қоғамға келер пайдасы үшін ерекше және талантты тұлғаларды клондауға мүмкіндік береді» қарары бойынша пікірсайыс өткізді. Сондай-қақ гимназия пікірсайысшылары «OZGER.TEAM» қоры өткізген республикалық сайыс қатысушылары.<br>**Құқықтық сауаттылық** бірыңғай күні жергілікті полиция қызметкерлері оқушылармен жол жүру ережесін сақтау, құмаройындарының алдын алу, балалар арасындағы зорлық –зомбылықты болдырмау жағдайлары туралы кеңестер берді. Заң мен тәртіп айлығы жоспарына сәйкес «Адал ұрпақ» клубы мүшелерінің ұйымдастыруымен 8 сыныптар арасында «Біз құқықты елдің азаматымыз» викториналық сайысы, «Заң мен тәртіп үстемдігі» құқықтық сабағы өтті. Әділдік және жауапкершілік айлығы аясында 6 сыныптар арасында «Құқық еліне саяхат» танымдық шарасы өтіп, 45 оқушы қамтылды.<br>**Оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру** бағытында «Денсаулық күні» ұйымдастырылып, 8-11 сынып оқушылары түрлі спорт түрлерінен жарысқа түсті.Лицей мектебімен футболдан достық кездесуге жас футболшылар белсене қатысты.Бұндай шаралар оқушылар бойында бірлік пен ынтымақ, әділдік және жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді. Сондай-ақ «Адам папилломасы вирусының алдын алу» тақырыбында оқушылар мен ата-аналар арасында мамандар түсіндіру жұмысын өткізді. Оқушыларға есірткінің зиян екендігін насихаттау мақсатында «Есірткісіз болашақ» флешмобы өткізіліп, оған 7-8 сынып оқушылары белсене қатысты. « QANTSYZ MEKTEP» жобасын жүзеге асыру барысында барлық сыныптарда тағамның адамға зияны туралы сынып сағаттары, «Қантсыз өмір» плакаттар байқауы өткізілді.Жоғары сыныптар арасында волейбол, баскетболдан мектепішілік жарыстар ұйымдастырылды. «Өркен» институтының қолдауымен «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» флешмобына 80-нен аса бала қамтылды. Сондай-ақ мектепішілік Волейбол жарысы 11.12, асық,тоғызқұмалақ ,туризм көпсайыстары ұйымдастырылды.<br>«SMART BALA» жобасы негізінде «Sketch UP ортасындағы ең үздік 3Д модель» шығармашылық байқауы ұйымдастырылып, оқушылар жайлы мектеп, қолайлы ортаны құру бойынша өз ұсыныстарын көрсетті. 11 сынып оқушыларынан тұратын «SWINNERS» командасы « STEM олимпиадасы-Білімдегі инновациялар» олимпиадасына қатысып, Астана қаласында өткен турнирдің қатысушылары атанды. «Startup» шығармашылық байқауына 10 сынып оқушылары өздерінің жобаларымен қатысып,<br>**Экологиялық білімдерін** қалыптастыруда 7 сынып оқушылары мектеп ауласында итмұрын жинау, гүл тұқымдарын дайындау науқанына, «Таза Қазақстан» науқаны аясында жағажайды қоқыстан тазартуға белсене қатысты. Облыстыө «Экобум» жобасы аясында пластмасс қақпақшаларды жинау науқаны белсенді өтуде, жылда оқушылар 5 мыңнан аса қақпақшалар жинап |

| | | |
|---|---|---|
| | | тапсырады. Сонымен қатар, қалдық заттарға екінші өмір сыйлау мақсатында түрлі көрмелер ұйымдастырылып, ойындар таныстырылымы өтуде.<br>**«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** аясында еңбек күні гимназия қызметкерлерін ұлықтау мерекесі ұйымдастырылып, тазалық күні өткізілді. Ұстаздар күні мерекесі қарсаңында «Даналық ұстаздан» челленджіне белсене қатысып, «Ұстазым» әнін бүкіл оқушылар шырқады. Сондай-ақ түрлі құттықтау бейнелері, мұғаліммен сыр сұхбат айдары ұйымдастырылды. «Күзгі асар» қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылып, түскен қаражатқа мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға азық-түлік, дәрі-дәрмекпен көмек көрсетілді. Жалпы қайырымдылық жәрмеңкелері мектебімізде әр тоқсан сайын өткізіліп, азқамтылған, көпбалалы отбасыларға қайырымдылық көмек жүйелі көрсетіледі.Оқушыларды мамандыққа бағдарлау мақсатында жоғары сынып ұлдары Ақсу қаласының №10 өртсөндіру бөліміне барып, өртсөндіру саласында қызмет ететін мамандардың қызметімен тереңірек атынысып, мамандықты таңдаудағы ерекшеліктермен танысты.<br>«Қамқор» жобасы аясында психолог 5-6 сыныптарда «Дос болайық бәріміз», «Біз әртүрліміз , бірақ теңбіз» тренингтік ойындары өткізді, қалалық жастар бастамасын дамыту орталығы мамандарымен бірлесе жасөспірімдердің еріктілікпен айналысу, қамқорлық шараларына қатысу, белсенділік таныту тақырыптарында сұхбаттасып, кеңестер берді. «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» ұранымен «Құстарға кафе» қамқорлық акциясына 6-7 сынып ұлдары белсене қатысып, көркем еңбек сабағында жемсауыттар жасап, мектеп алдына ілді.<br>**«Балалар кітапханасы» жобасы** шеңберінде «Кітап-жан азығы» челленджіне оқушылар белсене қатысып, жаз бойы оқыған кітаптарын жарнамалап ,бейнелер түсірді. Күзгі, қысқы демалыс кезінде «Жақсы кітап оқимыз, жадымызда тоқимыз» науқандары ұйымдастырылып, ең үздік қатысқан оқырмандар марапатталды.14ақпан Халықаралық кітап сыйлау күніне орай «Шын жүректен кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылып, барлық сынып оқушылары мен мұғалімдер мектеп кітапханасына,сондай-ақ ең үздік оқырмандарға кітаптар сыйлады. «Оқуға құштар мектеп» жобасы шеңберінде «BookSLAM» сайысы өтті. Оқушылар өздері оқыған жазушылардың келесі көркем шығармаларын сахналап, оқырманға ой салды. Олар:7а- Мағауин “Тазының өлімі”, 7ә-С.Дөнентаев “Көркемтай”, 7б-Б. Момышұлы “Ұшқан ұя”, 8а-Д. Исабеков “Әпке”, 8ә- М. Дулатов “Бақытсыз Жамал”,8б- С.Торайғыров “Қамар сұлу». Оқушылардың оқырмандық қабілетін арттыру мақсатында «Қысқы демалыста кітап оқимыз» науқанына оқушылар белсенді қатысып, оқыған кітаптарын бейне арқылы жарнамалады.Сонымен қатар 7-8 сыныптарда «Әдеби аквариум» танымдық ойыны өткізіліп, мерейгер жазушылардың шығармаларына шолу жасады. 14 ақпан Халықаралық кітап сыйлау күні 5-11 сынып оқушылары «Шын жүректен кітап сыйла» акциясы өтіп, оқушылар мен мұғалімдер үздік оқырмандар мен мектеп кітапханасына кітаптар сыйлады.Сыныптар акцияға белсене қатысты. Мерейгер ақын- жазушылардың өмірі мен шығармашылығына орай Мұқағали Мақатаевтың «Әр өлеңі-бір әлем» әдеби-сазды кеші өтті.<br>**Дәстүрлі шаралар**: 5-11 сыныптар арасындағы «Алтын күз» мерекесі, жаңа жылдық шырша, Республика күні, Тәуелсіздік күні мерекелеріне арналған салтанатты жиындар мен танымдық шаралар, Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына барлық сыныптарда сынып сағаты, жоғары сынып оқушыларымен Махмет Кайырбаевтың 100 жылдығына арналған «Батырлар ерлігі ұмытылмас» дөңгелек үстелі өтті. Бірлік пен ынтымақ айлығы аясында Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік шежіресі» атты танымдық шарасы, «Тәуелсіз ел болашағы» патриоттық бейне құттықтаулар байқауы өтті. Тұрар Рысқұловтың 130 жылдығына орай жоғары сынып оқушыларымен «Тұрар тағылымы: Ұлтқа адалдықтың үлгісі» атты дөңгелек ұстел ұйымдастырылды.. |

| | | |
|---|---|---|
| | | «Мүдделі мемлекеттік органдармен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру жоспарына сәйкес Ақсу қалалық мұражайымен бірлесе І.Есенберлиннің 110 жылдығына орай «Ұлт мақтанышы» атты танымдық шара, Қ.Камзиннің 105 жылдығына орай «Ерлік сабағы» ұйымдастырылды. Сондай-ақ мамандыққа бағдарлау, өз құқығын білу бағытында брейн-ринг ойыны өтті. 18.02. «Жастар бастамасын дамыту орталығы» мамандарымен бірлесе жастарды еріктілікке баулу, қайрымдылық шараларына қатысу, қоғамдық белсенділікті дамыту бағыныда кездесу өтіп, жоғары сынып оқушыларына түрлі жастармен өткізілетін, қатысуға қажет шаралар таныстырылды. Жоғары сынып оқушыларымен мамандыққа бағдарлау әрі құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында Ақсу қаласының аға прокуроры Еркебұлан Магдашовпен кездесу өтті. Шара барысында өз құқығын білу әрі, басқаның құқығын бұзбау, жауапқа тартылу жайлы түсіндіріліп, прокуратура саласындағы қызмет түрлерімен таныстыра келе, осы саланы таңдаудың артықшылықтары, оқу орындары туралы ақпарат берді. Оқушыларды өрт кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету мақсатында ТЖ департаменті қызметкерлерімен бірлесе «Бірыңғай өрт қауіпсіздігі күні» өткізілді. Шара барысында алғашқы өрт сөндіру құралдарын қолдану, өрт кезіндегі іс-әрекеттері,өрт қызметі туралы білімдерін пысықтап, өрттің алдын алуға бағытталған бейнефильмдер көрсетілді. Ал 5-6 сынып оқушыларымен полиция бөлімінің қызметкерлері кәмелетке толмағандардың құқықбұзушылықтары, олардың алдын алу, достары,сыныптастары арасындағы балағаттау, мазақтау, бопсалау, әлімжеттік жағдайларының салдары туралы ақпарат беріп, болдырмау жолдары бойынша кеңестер берді. Аймақтың дене шынықтыру оқу-практикалық орталығының ұйымдастыруымен облыстық «Алау» әскери-қолданбалы спорт жарысында мектебіміздің «Жас сарбаз» клубы мүшелері жүлделі ІІІ орынды иеленді.<br>«Шабыт» жобасы аясында Мұқағали Мақатаевтың туған күніне арналған «Әр өлеңі-бір әлем» әдеби-сазды кеші.<br><br>**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде сынып сағаттарының** жүзеге асырылуы.<br>Сынып сағаты - сынып жетекшінің тәрбие жұмысының негізгі формаларының бірі ретінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде мектепішілік тәрбие жоспарына сәйкес өткізіледі, сабақ кестесіне қойылған. Сынып сағаты сәрсенбі күні 2 сабаққа жоспарланған. Облыстық біртұтас тәрбие жоспары негізінде жасалған мектепішілік жоспарда әр айдың тақырыбына сәйкес 4 аптаға сынып сағаттары тақырыптары жоспарланған. Сынып сағатының жоспары, қауіпсіздік сабақтары тақырыптарымен кіріктіріліп, «Күнделік» электронды журналына толтырылады. Әр тақырыпқа сәйкес қажетті материалдар, бейнелер, таратпа материалдар сынып жетекшінің жеке әдістемелік папкасында жинақталған. Сынып сағатына берілген уақыттың 10-15 минуты қауіпсіздік сағаттарына арналған. Бекітілген тақырыптарға сәйкес барлық сыныптарда қауіпсіздік сабақтары сынып сағаты аясында өткізіледі. Барлық сыныптарда келесі тақырыптарда сынып сағаттары өтті: «Жол қозғалысы қауіпсіздігі», «Бауырмалдық-асыл қасиет», «Өз әрекетң үшін жауапкершілік»,«РЖВИ-дің алдын алу, «Тұмау белгілері және алдын алу» ,«Буллинг және кибербуллингтің алдын алайық», «Мектептің ішкі тәртіп ережелері», «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз», «Адал азамат- адал еңбек-адал табыс», «Еңбек түбі-береке», «Қауіпсіз интернет», «Жемқорлыққа жол жоқ», «Ұлттық валюта-теңге»,«Жаңа жылдық мерекелер алдындағы қауіпсіздік шаралары», «Пиротехникалық заттарды қолданудағы қауіпсіздік», «Тәуелсіздік-елдігімнің тірегі» т.б<br>Сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының бір бөлігі оқушылардың сабақ уақытынан кейін түзету, қосымша сабақтарға қатысуына, жалпы мектептік іс-шараларды (дайындықтар, би қою, ән оқу немесе плакаттар, қабырға газеттері |

шығару, бейнероликтер жасау және т.б.) дайындауға арналады. Ашық іс-шаралар барлық параллель сыныптар бойынша жоспарланған болатын: 5 сыныптар - "Көңілді бастаулар" 6 сыныптар - "Құстарға қамқорлық" науқаны17.05 «Тәуелсіз ел болашағы» атты тәуелсіздік күніне орай патриоттық акция 13-16.12

7-8 сыныптар - "Біз салауатты өмірді қолдаймыз" флешмобы 06.12

9-10 сыныптар - " Не? Қайда? Қашан?» интеллектуалдық ойыны 09.02

5-6 сыныптар «Қызға қырық үйден тыйым» өнегелі сағаты.11.02

6-9 сыныптар «Қызықты кәсіптер әлемі» мамандықтар сайысы 28.02

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру жоспары негізінде әр сыныптың тәрбие жоспары құрастырылып, барлық жоспарланған шаралар өткізілуде. Сынып жетекшілер жеке сыныппен әр сәрсенбі өтетін сынып сағаттарында айлық тақырыптарға сәйкес аптаның дәйексөзімен таныстырып, алдын алу шараларын және мектепішілік шараларға дайындықты жүзеге асырады. Сынып жетекшілер өз жұмысында «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені», Қазақстан Республикасының Конституциясына, БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясына, "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Педагог мәртебесі туралы", басқа да Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа ала отырып жұмыс жасайды.

**Білім алушылардың сабақтан тыс қамтылуы**, қосымша білім берудің жүргізілуі.

Гимназияда оқушылардың сабақтан тыс уақыттарын тиімді пайдалану, қабілеттерін дамыту мақсатында 18 үйірме жұмыс жасайды. Олар:

-Спорттық бағытта-5 (баскетбол, волейбол, шахмат, асық ату,тоғызқұмалақ)

-Туристік-өлкентанушылық-1 (туризм)

-Көркемдік-эстетикалық -6 ( айгөлек, мұрагер, сәндік қолөнер, заманауи графика, мобилография-2, 3Д модельдеу)

-Қоғамдық-гуманитарлық- 3 ( дебат қазақша 1 топ, ағылшынша 1 топ, ақпарат орталығы, адал ұрпақ)

-Әскери-патриоттық бағытта-2 (жас сарбаз, атқыштар)

-Тілдік- 1 (медиаорталық)

Сондай-ақ дене шынықтыру мұғалімдері қосымша ақы есебінен үстел теннисі, қоңырауларда ұлттық ойындар өткізеді.

Үйірме жұмысымен барлығы 299 оқушы қамтылған. Бұл барлық оқушының 84%.

Қалалық балалар шығармашылық үйі, өнер мектебіне, ЖБСМ-не 141 оқушы қамтылған. Бұл барлық оқушының 40% құрайды.

| Оқу жылы | Үйірмелер бағыты | | | | барлығы |
|---|---|---|---|---|---|
| | спорттық | қолданбалы | танымдық-гуманитарлық | Аспаптар (домбыра) | |
| 2022-2023 | 142 | 30 | 125 | 15 | 312 |
| 2023-2024 | 149 | 34 | 126 | 15 | 324 |
| 2024-2025 | 162 | 30 | 83 | 26 | 301 |

Барлық үйірмелер бекітілген кестеге сәйкес сабақтан тыс жүргізіледі. Спорт үйірмелері арқылы оқушыларды салауатты өмір салтына,туризмге баулу,әскери дайындыққа икемдеу мақсаты жүзеге асырылып, мектепішілік турнирлер мен

| | | |
|---|---|---|
| | | жарыстар ұйымдастырылуда. Олар «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» флешмобы, түрлі науқандар аясындағы спорттық жарыстар, каникул кезінде шахмат, тоғызқұмалақ, флорбол, футбол, волейбол жарыстары, «Есірткісіз болашақ» республикалық науқаны аясында асық сайысы, мектепішілік туризм көпсайысын, 5-6 сыныптар арасында Мектеп Парламенті көңілді сөре жарысын өткізді.<br>**Спорттық бағыттағы** секциялар кесте бойынша жүйелі өткізіледі, жұмыс барысы әлеуметтік желіде жарияланады. Үзіліс кезінде жоғары сынып оқушылары мен жас мұғалімдер арасында теннис ойыны, 5-6 сыныптар арасында тоғызқұмалақ ,асық ойындары ұйымдастырылады. Каркен Аия мен Авилхан Жасын тоғызқұмалақтан облыстық ,республикалық жарыстардың жүлдегерлері. Жүлдегенр оқушылардың ұйымдастыруымен 5-7 сыныптарда тоғызқұмалақ ойынынан шеберлік сағаты өтті. Әскери бағыттағы атқыштар, «Жасұлан» үйірмелерінің қатысушылары арасында мектепішілік нысанаға оқ ату, жүйелі жұмысы байқалмайды, тек қазан айында мектепішілік жарыс өтті. Мектебіміздің қыздар волейбол командасы Павлодар қаласында Ұлттық мектеп лигасы волейбол бойынша облыстық мектептер арасында турнирде жалпыкомандалық 3 орынды иелденді. Қалалық көпсайыста Мухаметгалиева сания мен Мустаханов Расул жүлделі 2 орынды иеленді. Павлодар қаласында өткен спорттық бағдарлау жарысында 6 б сынып оқушысы Нүкен Аяла 2 орын жеңімпазы, оқушылар арасында өткен II облыстық гимназиадасында спорттық бағдарлаудан командалық жүлделі II орын. Шахмет үйірмесінің оқцшысы 7 а сынып оқушысы Қайролла Нұрбол облыстық Шахмат Академиясы кубогының 2 орын иегері. Жеңістің 80 жылдығы мен Ауғаныстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылуына 36 жылдығына орай ұйымдастырылған «Алау-2025» әскери-қолданбалы спорт түрлерінен облыстық жарыста командамыз жүлделі 3 орынды иеленді<br>**Көркемдік шығармашылық** бағыттағы үйірмелер мұғалімдер күні, алтын күз, Республика күні, еңбек күні мерекелерінде түрлі науқандар мен акциялар, айлық бойынша өткізілетін шараларда «Айгөлек, «Мұрагер»» үйірмелерінің қатысушылары өз өнерлерін сахнада көрсетуде, «Айгөлек» «Есірткісіз болашақ» челленждін ұйымдастырып, белсенділік танытты. «Сәндік қолөнер», «Заманауи графика» үйірмесіне қатысатын оқушылар қалалық, облыстық зерде байқауына, түрлі бағыттағы мектепішілік, республикалық қашықтықтан өтетін сурет байқауларына белсене қатысып, алғыс хат, дипломдармен марапатталды.Сондай-ақ «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы «Қамқор» жобасы бойынша оқушылар экологиялық білімдерін арттыру мақсатында түрлі бейнелер түсіріп, науқандар оқушылардың экологиялық білім мен дағдыларын дамытуға атсалысуда. Бұл 5-7 сынып оқушыларының бос уақытын тиімді ұйымдастыруға да септігін тигізуде. «Шабыт» жобасы бойынша білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Мұрагер» домбыра үйірмесінің оқушылары қоңырауда күй тарту, күйді насихаттауға белсене қатысуда. Домбыра үйірмесінде жаңадан қосылған 5 сынып оқушыларымен жүйелі жұмыс байқалады.<br>**Қоғамдық –гуманитарлық** бағыттағы «Адал ұрпақ» үйірмесінің ұйымдастыруымен, жемқорлықтың алдын алу дәрістері ұйымдастырылып, оқушылар облыстық «Адал ұрпақ» слетіне қатысып, алғыс хатпен марапатталды. Мектептің ішкі тәртібін сақтау бойынша бейнероликтер түсіру шаралары ұйымдастырылады. Сондай-ақ« заң мен тәртіп» айлығы аясында 8- сынып оқушыларымен «Біз құқықты елдің азаматымыз» сайысы ұйымдастырылды. «Дебат» үйірмесі бойынша биылғы жылы 2 топ жұмыс жасауда, 1-і қазақша,1-і ағылшын тілінде. Ағылшын тілінде 2 ойын, қазақ тілінде 4 ойын өткізіліп, оқушылар Павлодар қаласы М.Әлімбаев атындағы ЖОББМ өткен “GAIYP CAP” 8-11 сынып оқушылары арасындағы пікірсайыс турниріне қатысып, Ермекова |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | **Педагог-психологтың жұмысы** | Жұлдыз бен Алпысбай Айару "КӨРЕРМЕНДЕР КӨЗАЙЫМЫ" номинациясына ие болды. «Зорлық-зомбылықсыз бақытты балалық шақ», шет тілдер ӘБ апталығы аясында, Республика күніне және Біртұтас тәрбие бағдарламасы жоспарына сай орай мектепішілік 3 ойын ұйымдастырылып,<br>**Қорытынды:** Оқу жылдары жоспарланған тәрбие бағытындағы іс- шаралар толық өткізіледі. Оқушылар арасында ұлттық құндылықтар мен өлкетану, салауатты өмір салты, экологиялық, рухани құндылықтарын қалыптастыруда және қаржылық, құқықтық, цифрлық, оқырмандық сауаттылық пен сананың ашықтығын, мінез-құлық нормаларын қалыптастыруға ықпал ететін шараларды апталықтар мен үйірмелер жұмысы аясында жүйелі түрде ұйымдастырылады.<br><br>**«Өмір қауіпсіздігінің** және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен, 11-сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында «Технологиялық дайындық» бөлімінде: жол қозғалысына қатысушылардың міндеттері, бағдаршамдар мен реттеушінің сигналдары, жол белгілері, жол таңбалары және олардың сипаттамалары, қозғалыс жылдамдығы, жолаушылар мен жүктерді тасымалдау\ӨҚН тақырыптары , өмір қауіпсіздік негіздері бөлімінде 16 сағат бөлінген. 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі. Сондай-ақ дене шынықтыру оқу курсының мазмұны аясында 10 сыныпта келесі тақырыптар арқылы жүзеге асырылады.: командалық ойындағы көшбасшылық және көшбасшылық дағдысы. Командалық ойындағы көшбасшылық және көшбасшылық дағдысы. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. Гимнастика туралы жалпы қайталау өмір қауіпсіздік негіздері, Қауіпсіздік ережесі. Қысқа қашықтыққа жүгіру 30 метрге жүгіру, Қауіпсіздік техникасы. Саптағы жаттығулар, Қауіпсіздік ережесі.Ойындағы көшбасшылық және командалық іс-әрекет. Баскетбол. Ойын ережелері, Қауіпсіздік ережесі. Тиісті қызметті жүзеге асыру үшін денені қыздыру және қалпына келтіру әдістері, Қауіпсіздік техникасы. Ойын кезіндегі допты қолдану әдісін орындау тақырыптары арқылы оқытылады.<br>Психологиялық қызмет бойынша 2024-2025 жылының жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 ж. 25 тамыздағы №377 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларына» және мектепішілік жоспарға сәйкестендіріліп жасалып, бекітілді. Жоспарланған жұмыстар негізгі бағыттар бойынша төмендегідей жүргізілді:<br>**1. Әлеуметтік бағыт бойынша:**<br>-Оқушылар туралы жалпы мәліметтер жинақталып, әлеуметтік паспорт жасалынды /5-11 сыныптар/. Сыныптардан алынған мәліметтер бойынша көпбалалы, азқамтамасыз етілген отбасы және толық емес отбасында тәрбиеленіп отырған оқушылар тобы анықталып, былтырғы жылғы көрсеткіштермен салыстырмалы мониторинг жасалды.<br>2. Психодиагностикалық бағыт бойынша<br>-5 сынып оқушыларының оқу мотивациясы;<br>- сынып ұжымына бейімделу жағдайы;<br>- өзін-өзі бағалау деңгейлерін анықтау;<br>- 5 сынып оқушыларына арналған сауалнама;<br>- 5 сынып ұжымын зерттеу мақсатында социометрия әдісі қолданылды; |

- оқушылардың қобалжу деңгейлері анықталды (Филлипс әдіст.бойынша)
- 5 сынып оқушыларының мектептегі өмірге қанағаттану сезімдерін анықтау жұмысы жүргізілді.
- Социометрия әдісі
- Оқушылардың сыныптағы қарым-қатынасқа көзқарастары;
- Креативтілік деңгейлері; (Авт. Джонсон, Е.Туник);
- Ерекше қабілеттерінің көрінуі және қалыптасуы;
- Қызығушылықтар картасы;
- «Социометрия әдісі» - 5-11 сыныптармен;
- «Жаңбыр астындағы адам» -6-7 сыныптармен;
- «Психикалық күйлердің өзін –өзі бағалауы» Г.Айзенк- 8-11 сыныптармен;
- Л.Йоваишидің модификациясы Г.Резапкина «Жеке тұлғаның кәсіптік іс-әрекеттердің түрлі аймақтарына деген қызығушылықтарын анықтау» - 9 сынып;
- 6,7,9 сынып оқушыларымен олардың психикалық денсаулық деңгейлерін диагностикалау мақсатында «Өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау», «Агрессияны анықтау», «Мектептік қобалжу деңгейлерін анықтау» жұмыстары жүргізілді.
- 5-10 –сынып оқушыларынан буллинг жағдайын анықтау мақсатында сауалнама алынды;
- 11–сынып оқушыларының ҰБТ-ге дайындық жағдайларын, қиындықтар мен көзқарастарын анықтау жұмыстары ұйымдастырылды.

**3. Ағартушылық –профилактикалық бағыт бойынша:**

- «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» атты тақырыпта 5-сынып ата-аналарына жиналыс ұйымдастырылды. Ата-аналарға балалар мен жасөспірімдерге қатысты жасалатын қатыгездік туралы ақпараттар беріліп, зорлық –зомбылық фактілерін дер кезінде анықтау және іс-әрекет алгоритмімен таныстырылып, жасөспірімдердің құқық бұзушылықтарын алдын алу үшін ата-аналарға кеңестер берілді.
- Балалар арасындағы буллингтің алдын алу, буллинг және оның түрлері мен себептері туралы түсініктерін кеңейту мақсатында "Зорлық-зомбылықсыз бақытты балалық шақ" науқаны аясында «БП буллингпен күрес және оның, алдын алудың ең тиімді жолын ұсынады» атты карар бойынша дебат ойыны болды. Пікірсайыс БПФ(Британдық парламенттік форматта) өтті. Спикерлер буллингтің бүгінгі қоғамымыздың өзекті маселелерінің, бірі болып отырғаны, онын себептері және оны болдырмаудың ең тиімді жолы бола алатын шешімдер мен ұсыныстар айтып,өз позицияларын дәлелдеді.

-«5 сынып оқушыларының негізгі мектептегі оқуға бейімделулері» атты тақырыпта 5 а,ә,б сыныптарына арналған психолого - педагогикалық консилиум ұйымдастырылды.

-“Зорлық-зомбылықсыз бақытты балалық шақ” науқаны аясында 5-7 сынып ата-аналарымен “Әрбір бала-жұлдыз” атты семинар-тренинг ұйымдастырылды. аналарға балалар мен жасөспірімдерге қатысты жасалатын қатыгездік, жыныстық қол сұғушылықтың себептері мен салдары туралы ақпараттар берілді. Зорлық –зомбылық фактілерін дер кезінде анықтау және іс-әрекет алгоритмімен таныстырылып, жасөспірімдердің арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша ата-аналарға кеңестер берілді.

- «Позитивті ойлау - өмір негізі» “ атты тақырыпта ұстаздар қауымымен семинар-тренинг болып өтті. Семинар-тренинг барысында позитивті ойлаудың пайдасы, позитивті ойлау әдістері мен жаттығулар туралы ақпараттар беріліп, мұғалімдермен тренингтік, арт - терапиялық жаттығулар ұйымдастырылды.
- Психологпен бірыңғай сабақтар өткізу жоспарына сәйкес 11-сынып оқушыларымен “Арманыма қол созсам” атты арт-терапиялық тренинг сабақ ұйымдастырылды. 11-сынып оқушыларына АРМАН, МАҚСАТ, ЖОСПАР туралы, оның мәні мен маңызы жайында ақпараттар берілді,ҰБТ-ге дайындық

| | | |
|---|---|---|
| | | барысында ескеретін маңызды жағдайлар туралы кеңестер айтылып, "Менің арманым" тақырыбында арт терапиялық жаттығу ұйымдастырылды.<br>- 7-8 сынып оқушыларымен "Лудомания - ойынқұмарлық" туралы лекция-сабақ өткізілді. Балаларға ойын құмарлықтың адам өмірін бұзып, психикалық және физикалық денсаулыққа қалай әсер ететіні, сонымен қатар тәуелділік туралы мағлұматтар беріліп, оның зардаптарымен таныстырылды. Балалармен осы тақырыпта әртүрлі сұрақтар төңірегінде талқылаулар, пікір алмасулар болды.<br>Гимназия сайтындағы психология бөліміне ұстаздарға, оқушыларға және ата-аналарға арналған түрлі тақырыптағы кеңестер, жадынамалар жүктелді.<br>**4. Түзету –дамытушылық жұмыс бағытында:**<br>- Зорлық-зомбылықтың, буллингтің алдын алу, стресске төзімділікті арттыру мақсатында 5-8 сынып оқушыларымен «Зорлық-зомбылықсыз бақытты балалық шақ» атты тренингтер өткізілді. Балалармен көңіл-күйді көтеруге арналған "Көңілді сәлемдесу" жаттығуы, ұжымның ынтымағын, ауызбіршілікті арттыруға арналған "Пирамида" жаттығуы жасалып, сонымен қатар балаларға әртүрлі жағдаяттар айтылып, әртүрлі шешу жолдары ұсынылды. Таңдаған шешімдері бойынша талдау жүргізілді. Балаларға ойын түрінде буллинг жайында сұрақтар қойылды: "Буллинг болған жағдайда не істеу керек?" "Моббинг дегеніміз не?", "Буллингтің түрлері?", "Буллинг жасаған адамның негізгі мақсаты қандай?" т.с.с.<br>- Мектеп ұжымымен балалар мен жасөспірімдерге, сонымен қатар отбасында кездесетін әйелге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы ақпараттар беру. Зорлық –зомбылық фактілерін дер кезінде анықтау және іс-әрекет алгоритмімен таныстыру мақсатында «Мен зорлық-зомбылықсыз әлемді қалаймын» атты семинар-тренинг ұйымдастырылды.<br>- Психологиялық апталық ұйымдастырылды. Апталық барысында оқушылармен әр түрлі қозғалмалы ойындар, тренингтер,сайыстар ұйымдастырылды. Аптаның әрбір күніне «Қарым-қатынас күні», «Эмоциялар күні», «Асқақ армандар күні», «Сәттілік пен жетістіктер күні», «Алғыс айту күні» деген атаулар беріліп, соған сәйкес іс-шаралар ұйымдастырылды. «Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар қалан...»- армандар,мақсаттар тақтасы, «Армандар орындалсын», «Психологқа хат» акциялары өткізіледі .<br>-9-10 сынып оқушыларымен көңіл-күйді реттеу, психо-эмоционалдық жағдайды жақсартуға бағытталған тренингтер ұйымдастырылды. Тренинг барысында оқушылармен «көңілді сәлемдесу», стрестік жағдайда өзін-өзі ұстауды үйретуге бағытталған «эксперимент» жаттығуы, өзін-өзі бағалау мен эмпатияны дамыту мақсатында «Мен өзімді ... (сол) үшін мақтаймын» жаттығулары ұйымдастырылып, психикалық жүйке күйзелісінің алдын алу бойынша кеңестер беріледі.<br>- Өз-өзіне деген сенімділікті дамыту, стресске төзімділікті арттыру мақсатында 9-10 сынып оқушыларымен «Стресстік жағдайларға қарсы тұра алушылықты дамыту» тақырыбында тренингтер өтті.Тренинг барысында оқушылармен стрестік жағдайда өзін-өзі ұстауды үйретуге бағытталған "эксперимент" жаттығуы, өзін-өзі бағалау мен эмпатияны дамыту мақсатында "Мен өзімді…мақсатында" атты жаттығулар ұйымдастырылып, психикалық жүйке күйзелісінің алдын алу бойынша кеңестер берілді.<br>- 6 сынып оқушыларымен сынып жетекшісімен бірлесе отырып «Қарым-қатынас ережесі» атты тренинг сабақ өткізілді. Білім алушыларға топта жұмыс жасау, мәселелерді бірігіп шешу, коммуникативтік дағдыларды дамыту мақсатында өз эмоцияларын басқара білуге, бір-бірінің жақсы қасиеттерін айту арқылы қолдау көрсетуге және мәселені бірлесе шешуге үйретуге бағытталған тапсырмалар берілді.<br>- стресстік жағдайлардың алдын алу, қорқыныштар мен қобалжуларды сейілтіп, балалардың өздеріне деген сенімділіктерін арттыру мақсатында 9 (а,ә) сынып оқушыларымен психологиялық мотивациялық тренинг болып өтті. |

<table>
<tr>
<td>9</td>
<td>Әлеуметтік педагогтің жұмысы.</td>
<td>
Тренинг барысында нейрогимнастикалық жаттығулар, "Қорқыныштар үйшігі", "Көршіме-өзіме", "Мен өзімді.....үшін мақтаймын", "Нұрға бөлену", "Мен жүзген кеме" атты релаксациялық жаттығулар ұйымдастырылды.<br>
- «Стресстік жағдайлардың алдын алу» Білім алушылар арасында стресстік жағдайлардың алдын алу, балаларды өз эмоцияларын басқара алуға үйрету.<br>
Қорытынды. Оқу –тәрбие үдерісінің сапалы жүзеге асуына психологиялық қызметтің қосар үлесі мол, оқу жылында жоспарланған жұмыстар өз дәрежесінде ұйымдастырылып жүзеге асырылады. Оқушыларға арналған дамытушылық семинар-тренинг жұмыстары, ата-аналармен тығыз байланыс жұмыстары, ата-аналарға арналған семинар-тренингтер, конференциялар ұйымдастыру, сынып оқушыларымен мамандық таңдау жұмыстары жүйелі жүргізіледі.<br><br>
Әлеуметтік педагогтің жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған.<br>
І. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы:<br>
Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Төмендегі кестеде 2024-20245 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік паспорты:
<table>
<tr><td>№</td><td>Әлеуметтік категориялар</td><td>саны</td></tr>
<tr><td></td><td>Барлық оқушылар :</td><td>355</td></tr>
<tr><td></td><td>5-9 сынып</td><td>275</td></tr>
<tr><td></td><td>10-11 сынып</td><td>80</td></tr>
<tr><td></td><td>Отбасылар типі бойынша:</td><td></td></tr>
<tr><td>1</td><td></td><td>262</td></tr>
<tr><td>2</td><td>Толық емес отбасылар</td><td>48</td></tr>
<tr><td>3</td><td>Анасы жоқ оқушылар</td><td>5</td></tr>
<tr><td>4</td><td>Әкесі жоқ оқушылар</td><td>16</td></tr>
<tr><td>5</td><td>Көпбалалы отбасылар</td><td>104</td></tr>
<tr><td>6</td><td>Азқамтылған отбасылар</td><td>11</td></tr>
<tr><td>7</td><td>Өгей әкесімен тұратын оқушылар</td><td>9</td></tr>
<tr><td>8</td><td>Өгей анасымен тұратын оқушылар</td><td>1</td></tr>
<tr><td>9</td><td>Жетім балалар,ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар</td><td>0</td></tr>
<tr><td>10</td><td>Мүгедек балалар, арнайы оқу бағдарламасымен оқитын балалар</td><td>0</td></tr>
<tr><td>11</td><td>Азаматтығы жоқ оқушылар</td><td>0</td></tr>
<tr><td>12</td><td>Өзге мемлекетің азаматтығы бар оқушылар</td><td>0</td></tr>
<tr><td>13</td><td>Кәмелетке толмағандар ісі бойынша бөлімде тіркеуде тұрған оқушылар</td><td>0</td></tr>
<tr><td>14</td><td>Мектепішілік тіркеуде тұрған оқушылар</td><td>11</td></tr>
<tr><td>15</td><td>Азаматтығы жоқ білім алушылар</td><td></td></tr>
<tr><td>16</td><td>Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар</td><td>0</td></tr>
<tr><td>17</td><td>Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар</td><td>0</td></tr>
</table>
</td>
</tr>
</table>

Мектептің әлеуметтік паспортын "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесінде (электронды форматта) жаңартылып құрылды.

**ІІ. Бала құқығын қорғау жұмысы:**

2024-2025 оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.

Әділдік және жауапкершілік айының жоспарына сәйкес «Кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі», «Буллингтің зорлық-зомбылықтың алдын алу және стресске төзмділікті арттыру» 5-8 сыныптарға құқық сабақтары, прокуратура, құқық қорғау органы қызметкерлерімен кездесулер, мектеп психологымен бірлесіп оқушылар арасында дұрыс қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған "Біз әртүрліміз, бірақ бәріміз теңбіз" тақырыбында тренингтер мен танымдық-қозғалмалы ойындар өкізілді.

Оқу жылының басында гимназия оқушыларының әлеуметтік жағдайлары туралы толық мәлімет жинақталып, оқушылардың әлеуметтік паспорты құрастырылады. Аталмыш санаттар: аз қамтамасыз етілген, көпбалалы, толық емес отбасы, өгей ата-анасымен тұратын, жалғызбасты, мүгедек бала, тубвиражды топтағы бала. Осы санаттарға жататын оқушылардың тізімі жасалып, жұмыс бағыты бойынша педагог-психологпен бірге түсіндірілді. Жаңадан келген, қолайсыз отбасыларға сынып жетекшісімен психолог маман зерттеу жүргізіп, балаларды жыл бойы бақылауда ұстадық. Аз қамтамасыз етілген отбасы ата-аналары «Ашық әкімдікке» құжаттарын тапсыру арқылы «арнай әлеуметтік көмек» алушылар санатына жататыныны туралы анықтама арқылы, ҰДБ-на  есепке алынды. Осы санаттағы оқушылар тегін ыстық тамақпен, бір реттік  қаржылай көмекпен, қамтылды. Сонымен қатар жыл сайын оқу жылының басында қажетті оқу құралдары және мектеп формасы, не қаржылай көмек беріледі. Биылғы жылы 11 балаға қаржылай көмек көрсетілді. Тәуелсіздік күні, жаңа жыл қарсаңында сыйлықтар табысталды. 2 оқушы Президент, облыс әкімі шыршасына қатыстып, 150 мың қаржылай сертификат берілді. 1 оқушылар асхана арендаторының тарапынан тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі.

**3 жылғы көрсеткіш:**

| **Оқу жылы** | **Азқамтамасыз етілген оқушылар саны** | **Жалпы білім беру қорынан қамтылғандар саны** | **Асхана арендаторы есебінен/қамқоршылық кеңесі шешімімен қамтылғандар саны** |
|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 11 | 9 | 1/2 |
| 2023-2024 | 10 | 10 | 1 |
| 2024-2025 | 11 | 11 | 1 |

Жалпыға бірдей білім қоры және арендатор есебінен ыстық тамақпен қамтылған оқушыларға және ата-аналарға арналған ұсынымдар, «Ас – адамның арқауы», «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» чек-парақтар мен видео-түсіндірмелер, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектепте ата-аналарға күнделікті ас мәзірін көру үшін мектеп сайтының  **«Тамақтану айдарына»**  ас

| | | |
|---|---|---|
| | | мәзірі күнделікті салынып отырады. Сонымен қатар, сапалы тамақтану тақырыбына да өткізіліп жатқан іс-шаралар **«Тамақтану айдарында»** жарияланады. Асханаға келіп түсіп жатқан азық-түліктердің сапасына, дұрыс жеткізілуі мен тасымалдауына мониторинг жүргізу мақсатында мектепте 9-адамнан бракеражды комиссия құрылған. Бракеражды комиссия ай сайын асханаға мониторинг жүргізіп, нәтижесі мектеп сайтына салынып отырады.<br>2024-2025 оқу жылы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығының «білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын басшылыққа ала отырып, оқушылардың білім алуын қамтамасыз ету және оларға жағдай жасау мен бөлінген қаражатты тиімді жұмсауды қамтамасыз ету мақсатында тамақ өнімдерінің сапасына, тамақтарды дайындау технологиясына, асхананың тоңазытқыш–технологиялық жабдықтарының жарамдылығына, азық –түлік пен дайын тағамдарды сақтау шарттарының сақталуын зерделеу мақсатында асханаға балалардың уақтылы келіп-кетуін қадағалау сынып жетекшілеріне міндеттелгенін, асханада әкімшілік құрамынан кезекшілік құралған, тамақтар талапқа сай беріледі.<br>**ІІІ. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс:**<br><br>Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:<br>Жылдың басында мектепішілік есепте тұрған оқушылар саны 11. Қаңтар айында 1 оқушы басқа оқу орнына ауысты, бүгінгі таңда 10 оқушы тіркеуде тұр. Жылдың басында өгей әке, өгей шешемен тұратын оқушы саны-14 оқушы болды. Оқу ортасында 4 оқушы басқа мектепке кетті. Қазіргі уақытта өгей әкемен 9 оқушы, 1 оқушы өгей анамен тұрады.<br>Мектепішілік есепте тұрған оқушылардың ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Оқушылардың есепке алынуының әлеуметтік себептерін анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнамалар алынып, отбасыларына әлеуметтік-педагогикалық мінездеме берілді.<br>Сынып жетекшісімен бірге күнделікті оқушының мінез-құлқы мен сабаққа қатысуын қадағалап, бақылау жасалынды. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында үйірме мен қосымша сабақтар ұйымдастырылды. Сынып жетекшілермен бірге оқушылар арасындағы буллингтің, құқықбұзушылықтың алдын алу үшін сауалнама алынып**,** түнгі уақытта жасөспірімнің жалғыз жүрмеуі, қауіпсіздік ережелері туралы полиция инспекторымен кездесу өткізілді. Оқушыларымен буллингтің, зорлық-зомбылықтың алдын алу және стресске төзімділікті арттыруға арналған тренингтер өткізілді. «Қарым-қатынас ережесін сақтайық», «Заң мен тәртіп үстемдігі», «Құқық және заң» тақырыбында 6-8 сыныптарға құқық сабақтары өткізілді.<br>2024-2025 оқу жылының қыркүйек айынан бастап өгей әке мен өгей шешемен тұратын оқушылардың және де аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан оқушылардың әлеуметтік жағдайларын зерттеу мақсатында үй тұрмыстық жағдайын тексеру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан оқушылар да ерекше назарда болады. Бұл санатқа: ата-анасы ажырасып кеткен, әкесі немесе анасы қайтыс болған, ата-әжесінің тәрбиесіндегі, отбасында өгей әкесі немесе өгей анасымен тұратын оқушылар анықталды. Бұл оқушылардың отбасындағы жағдай басқа оқушылармен салыстырғанда өзгеше болуы мүмкін, сондықтан баланың әлеуметтік-психикалық жағдайы ерекше назарда болды. Баланың сыныптағы оқушылармен қарым-қатынасы, сабақтағы көңіл-күйі, сыныптан тыс шараларға араласуы, тәртібі, белсенділігі т.с.с. жағдайлары сынып жетекшісі, пән мұғалімдері, психологпен бірлесе отырып бақылауда ұстадық. |

**Осы санатқа жататын оқушылардың 3 жылғы көрсеткіш:**

| Оқу жылы | Көп балалы отбасылар саны | Толық емес отбасылар саны | Өгей әкесі/шешесімен тұратын отбасылар саны |
|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 55 | 35 | 8 |
| 2023-2024 | 85 | 52 | 12 |
| 2024-2025 | 104 | 48 | 10 |

**IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы**

«Қамқорлық» айлығы аясында мектебімізде қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Мектеп еріктілері жалғызбасты анаға, азқамтылған, толықемес отбасыларға қайырымдылық көмек көрсетті. Бұл жұмыс жыл бойы жалғасып, қайырымдылық жасау масатында сыныптар 5-10 сыныптар арасында өткізілген «Игі істер» жәрмеңкесі оқушыларға өз мүмкіндіктерін қайырымдылық жасауға бағыттауға ықпал етті. Жиналған қаражатқа 4 отбасыға, жалғызбасты анаға, азқамтылған, толықемес отбасыларға қайырымдылық көмек көрсетті. Жалпы алғанда рухани-адамгершілік, қайрымды ұрпақ тәрбиелеу мектеп өмірінің барлық кезеңдерінде, сабақта, сабақтан тыс қарым-қатынас барысында ұжымның жаппай қатысуымен өткізілгенде ғана жақсы нәтиже береді. Сондықтан осы бағыттағы өткізілген шараларға ұжым мен оқушылар, ата-аналарды белсенді қатыстырып, қоғамдық ұйымдармен бірлесе әрекет ету маңызды. Алдағы уақытта еріктілердің жұмысын, қайырымдылық бағытындағы шараларды жүйелі , әрі сапалы ұйымдастыру керек.

Ақсу қаласы ішкі істер бөлімі қызметкерлерімен 6-11 сынып оқушылармен құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша кездесу өтті.

Қорыта айтқанда үздіксіз жүргізілген құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуда тәрбиелік істердің нәтижесінде, “Неке және отбасы” «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, мектебімізде кәмелетке толмағандардың істері бөлімде есепте тұрған оқушылар жоқ.

**V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасылармен) профилактикалық жұмыс.**

Гимназияның ата-аналармен жұмыс қамқоршылық кеңесі, ата-аналар кеңесі жұмысы арқылы мектепішілік жоспарға сәйкес материалдық-техникалық қамтуға қолдау көрсету, білім беру ұйымы қызметіне, қаржылық әрекетке қоғамдық бақылау жүргізу бағытында, ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастыру, ата-аналардың тәрбие, ақпараттық біліктіліктерін арттыру бағытында жүзеге асырылды.

Өгей әке немесе анасымен тұратын оқушылардың үй-тұрмыс жағдайы және әлеуметтік ерекшеліктері баса назарға алынынды.

Мектепішілік жалпы ата-аналар жиналысында әлеуметтік мәселелер бойынша баяндама оқылды. Ата-аналарға буллингтің алдын алу, мектептегі әлімжеттік бойынша жаднамалар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ата-анаға түрлі мәселелер (қаржылай көмек алу, оқушыны лагерьмен қамту, бала тәрбиесі, мамандық таңдау, баламен қарым-қатынасы және т.б.) бойынша жыл бойы әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Ата-аналар қауымына «Әрбір бала- жұлдыз», «Жасөспіріммен қарым-қатнас құпиялары» атты семинары ұйымдастырылды. Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

| | | |
|---|---|---|
